

Берген Н., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КФ-11 тобы, студент

(*Ғылыми жетекші – гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы Хасенов Б.Р.*)

КӨК СӨЗІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көк түс – жан тыныштығын, молшылықты, татулықты білдіреді. Ол адамдар мен қоғамды байланыстыратын негізгі дәнекер іспетті, бірлік, көпшілдік сезімнің, сенімнің түсі. Адам болмысы жаратушы күшімен тығыз байланыста болғандықтан көк түсі алғашқы болмыс ретінде көп тілде көрініс тапқан. Мәселен, латынша: *materia* – болмыс, алғашқы зат, үнді еуропаша *madher* – көк (синий), ежелгі үнді тілінде *mati* – сана, ақыл (разум); славян тілінде *мать* – ана; неміс тілінде *mutter* – мать; түрікше *mabi* – көк.

Осыған байланысты көк түсінің ассоциациялануы барлық елде көбіне-көп, аспан, жаратушы (тәңірі), ана бейнесінде болып келеді. Көк түсі кейбір этностар танымында жастық пен албырттықты ассоциациялайды. Мысалы, орыс ұлтының ұғымындағы көк түсі: «синий цвет - духовность, жертвенность» (көк түс – жанға жайлы, қаза болу); «голубой цвет – юношеская привязанность» (көгілдір түс – жастықпен байланысты). Яғни, бірде жанмен (дух, душа) ассоциацияланса, бірде жастықпен (юность) пайымдалады. Қазақы танымда да көк түсін жастықпен ассоциациялау бар. Мысалы, көктеді (өсіп шықты, жайқалды), көктей солу (жастай қайтыс болды), көсегесі көгеру (балалы-шағалы болу) т.б. [1].

Көк түсінің ассоциациялануынан туындаған психологиялық пайымдауларға көз жіберсек, көк түсті ұнататындар өкпелегіш, сары уайымға салынғыш болып келетін көрінеді. Әсіресе, көк түсті молшылықтың нышаны болғандықтан семіз келген адамдар ұнатады екен. Көк түсті таңдағандар - тыныш ортаны, мазасыздық пен сотқарлықтан, келіспеушіліктен алыс болуды қалайтындар. Олар бір-біріне деген сенімді қалайды және өзгелердің де оларға сенуіне әбден болады.

Көк түсі - арманыңыздың орындалуына әсер етеді. Бұл түс – шындықтың, біреуге деген адалдығының белгісі ретіндегі түс. Көк түсті киімдерді көп киетіндер сараптама жасаудың шебері. Бірақ бұл мүмкіндігін жасырады. Аталған түсті қалайтындар өте қарапайым келеді. Сезімталдығы да бар. Бірақ іштей қатал мінезі де жоқ емес. Оны өзгелерге аңғартпауға тырысады. Көгілдір түсті жақсы көретіндер өте сақ адамдар [2].

Қазақ тілінде «көк/көгілдір» түсі неміс тілінде бір ғана «blau» сөзіне келеді. Сонымен қатар «dunkelblau» (көк), «hellblau» (көгілдір) ретінде қолданылады. Көгілдір түсі жұбататын, жайландыратын, саябырландыратын түс болып саналады, көк түсі ауыр, түнеріңкі, тұрақсыз түс ретінде қабылданады. Көк түсі жағымсыз эмоцияларды туғызады есептеледі.

Неміс тілінде *blau* түсі алдау, арбау, жалған мағыналарын береді. Аналитикалық тұлғадағы *blau sein* (сөзбе-сөз: көгеру) тіркесінде *мас болумағынасын* да білдіреді. *Blau* (көк) түсінің мағынасы қанның түсімен байланысты. Неміс, испан, орыс тілдерінде – ақсүйектікті, тектілікті, білдіреді. Адамның денесіне қатты соққы тисе, жарақаттанып, көгереді, сондықтан соққыны көк түсімен байланыстарады. Көздің түсіне байланысты *blau* (көк) түсі күнәсіздік, пәктілік, аңқаулық белгісі. Бұл немістердің, еуропалық халық ретінде көздерінің табиғи түсі көк болғандығымен байланысты, жана дүниеге келген нәрестенің көздері көк болғандықтан, сәбидің күнәсіз, пәктігімен теңелген. *Blau* (көк) түсі мұң-сағынышты, адалдықты, сенімділікті, шексіздікті білдіреді.

Германияда көк, көгілдір түсі тұрғындар мен теңізшілердің ежелгі дәстүр, олардың нанымдарында жағымсыз бейнені, мағынаны білдірген. Шайтандар, перілер, сиқыршылар мен елестер көк киімде келген. Егер көк алжапқыштағы әйелді кездестірсе, сол бақытсыздыққа ұшырайды, сонымен қатар терезенің жақтаулары көкке боялған үйде мыстан, жезтырнақ тұрады дегенге адамдар сенген. Сондықтан терезелерін көкке боямауға тырысқан, баласы болмай қалмасын деп, некелескендердің төсегіне көк түсті киім бұйымын салмаған.

Көгілдір түсі неміс тілінде ажал түсі де болып саналады. Дүниеден озған адамды көк мундирге, яғни киімге киіндіріп, табытына көк түсті матаның жыртысын салған. Бұрынғы заманда жұмыстан шығарылған адамға көк түсті хат жіберіліп, сонымен хабарын жеткізген.

Ежелден келе жатқан белгі беретін жалаулардың бірі *blaue Flagge* (көгілдір жалау) атауымен белгілі. XVIII ғ. басынан XIX ғ. басына дейін неміс теңізшілері қолданған. Ал Англияда 1777 ж. «*blue repeater*» яғни (= *blauer Wiederholer*) (аудармасы: көгілдір қайталаушы), соңғы сөзі өзгертілген «*blue Peter*», кеме капитандарын жинау үшін бұйрығы желмен қайталанып берілген. *Көгілдір гүлдер* әскерге кетіп бара жатқандарға сыйланған. Матростардың киімінің түсі – көк: *die blauen Jungs* – матростар, *die Blaujacke* – теңізші [3].

Майя халқы адамды құдай үшін құрбандыққа берген. Бірақ ол құрбан міндетті түрде көк түсті болған. Құрбанға байланысты заттардың барлығы кө түске боялатын болған.

Шығыс халқы бұл түсті қасиетті түс деп санаған. Себебі шығыс халқы бұл түс жаман рухтарды жояды деп сенген.

Көптеген елдерде көк түс адамдықтың, мәңгіліктіліктің, аспанның, мейірімділіктің белгісі болған. Геральдиктегі адамдар бұл түсті ақылдылықтың, даналықтың және мейірімділіктіліктің белгісі деп түсінген[2].

Көк сөзінің қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігіндегі берілген анықтамасына көз жүгіртсек: 1. Түпсіз тұңғық аспан әлемі, әуе. Көк аспан – көк жүзі; аспан күмбезі. Көк бойлады –а) биікке шаршып өсті; ә) көкпен жүзді, көкте самғады. Көкке атылды - аспанға шапшыды. Көкке жетті – а)әуеледі, аспанмен таласты; ә) қуанды, шаттанды. Көк көбесі сөгілді – найзағай жарқылдады, төңіректі сілкіндірді. Көк күмбез – аспан әлемі. Көксоққан – оңбаған, құдай атқан. Көк соқыр –

Алла тағаланың кәріне тап болғыр. Көктен сұрағаны жерден табылды – армандап тілегені аяқ астынан кезіге кетті, орындалды. Көктен түсті – тұтқиылдан, ойламаған жерден пайда болды. Көкте тұрған жұлдыз – қол жетпес арман. 2. Киіз үйдің керегесін т.б. көктейтін түйенің терісінен істелген қайыс. 3. I заттың көгілдір аспан тәріздес түрі. II Көгеріп шыққан өсімдік, шөп. III Жеміс-жидек, көкөніс.

Көк сөзі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ киелі ұғым ретінде танылғандықтан сонау бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген ойшылдарымыз да сол кездегі халық көзқарасын хатқа түсірген. Мысалы, М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде бұл номинативтің бірнеше мағынасы берілген.

Көк 1 – негіз, түбір;

2 – шылбыр;

3 – аспан, көк;

4 – қиындық, машақат;

5 – түс;

6 – қала көгі.

Бұлардың кейбірі қазір қолданылмаса да, тұрақты тіркес ретінде сақталған (көген көз, көкше көз) [4,48]. Сондай-ақ «көк» көне түркі лексиконында тамыр мағынасында қолданылады. Бұл «көке» туыстық атауымен байланысты. М. Қашқари сөздігінде «көкен кім?» деген тіркестің мағынасы – «шыққан тегің қандай» дегенді білдіреді.

Академик А.Н.Кононов түркі тіліндегі «көк» сөзінің мынадай орыс тіліндегі аудармаларын келтіреді: «синий», «голубой», «лазурный», «светло-зеленый», «сизый», «небесного цвета», «цвет молодой зелени», «серый», «небо».т.б.

Ә.Қайдар еңбегінде қазақ тілінің тілдік фактілерін негізге ала отырып, мынадай көк сөзімен берілген ауыс мағыналарын келтіреді:

Көк – аспан, аспан әлемі; аспан әлемін жайлайтын тәңірі.

Мысалы: төбесі көкке жету, көктен тілегені жерден табылу (аяқ астынан табысқа кенеліп, қарық болу).

Шүршіт келем деген сөз бар-ды

Көктен түскен төрт кітап

«Енжіл» атты кәләмда (Бұқар жырау).

Көк – шөп, көгеріп тұрған өсімдік, көкөніс.

Мысалы: көк майса, көк шөп, көк орай шалғын, көк балауса, көкке аузы ілігу, осыдан: көгеру, көктем, көкпек, т.б.

Көк – әлі жас, піспеген, шикі.

Мысалы: көк түйнек, көк қауын, көк алма, көк өрім, көк сағал (шала піскен), көк сабак (толық піспеген, дүмбілез), көк өрік (кей жерде: «көп өрік жеп іші кепкенше, көк өрік жеп өле қалған жақсы» деген де сөз бар).

Көк – арық, жасық, майсыз, дәмсіз.

Мысалы: көк жасық (арық ет), көк бақа қозы (арық, ет алмаған қозы), көк қарын (арық), көк шалап (майсыз, дәмсіз, су араласқан сұйық айран, сусын).

Көк – көнбіс, шыдамды, бірмойын; елеусіз, көптің бірі.

Мысалы: көк есек, көк жұлын, көлденең жүрген көк атты, т.б.

Көк – қаһарлы, қайсар, айлалы, адуынды, ашушаң.

Мысалы: көк айыл, көк долы, көк бет, көк бөрі, көк дауыл, т.б.

Көк – езбе, мылжың, көп сөйлейтін.

Мысалы: көк езу, көк малта (сын) езу, көк мылжың, т.б.

Көк – сылбыр жалқау, қалжыраған.

Мысалы, көк желке болу, көк жұлын болу (титықтау, қалжырау), көк тер болу (болдыру, шаршау), көк ми (өз бетінше ойлана алмайтын, айтқанға түсінбейтін топас, милау), т.б.

Көк – найзағай (көктен түскен от).

Мысалы ат байлаған ақырды, көк түскенжер тақырды (фольклор), Төбесінен көк түскендей болу (аяқ астынан жағымсыз хабар естігендей болу, қатты таңғалу, ғажаптану). Көк бұл арада қазақ тіліндегі нажағай (жасыл жай) сөздерінің қатарындағы синоним болып саналады [5,69-70].

Зерттеуші Н.Аитова «Қазақ тіліндегі «қара» және «көк» түске байланысты семантикалық сипаты» атты мақаласында көк сөзінің басқа да мағыналарын анықтаған. Мысалы, көк – түп-төркін, негіз мағынасында. Көгі жақсы, көгі жаман. Көк – берік, мықты, болат. Ерлер өтті қарасам көк сүңгісін өңгерген. Көк – дымсыз, еш нәрсесі жоқ. Қалтасында көк тиыны жоқ.

Ал енді осы көк түсі жайындағы жүргізген экспериментке келсек. Оған қазақ тілді 100 адам қатысты. Олардың жас шамасы 9-57 жас аралығында. Эксперименттің нәтижесі мынадай болды:

Көк түсі - аспан-70, ту-55, теңіз, су-29, Тәңір-3, көлік-6, үй шатыры-4, киім(көйлек)-29, жер шары(карта)-1, түс (цвет)-9, кітап-6, сөмке-5, қалам-13, бостандық-4, тазалық-2, махаббат-1, ниеттілік-1, тау-1, сұлулық-3, мәңгілік-1, тыныштық-1, шексіздік-1, пәктік-2, жарық (жылулық)-4, жазық дала-3, ашық мінез-3, мемлекеттік ғимараттар-2, сия-10, көгерген иіс-2, көйлек-14, гүл-2, көтеріңкі көңіл-күй-1, биіктік-1, сабырлылық-1, есік-7, шар-3, көктеу-1, әлем-1, мұз-3, құс-1, бұлт-2, инопланетян-1, көз-5, материал(штор)-4, тақта-2, аяқ киім-5, Алатау-1, файл-2, ат-1, көгершін-1, түтін-1, ит-1, линза-1, вконтакты-2, компьютердің экраны-2, ақша-2, рух-1, Түрік-1, бөрі-1, күш-1.

Көк стимулына берілген ассоциациялық реакциялар осындай болып келеді.

Көк – түс: аспан, ту, түс, мемлекеттік ғимараттар, көз, мұз, түтін.

Көк – Тәңір, ата-баба: Тәңір, Түрік, рух, бөрі, күш.

Көк – тәуелсіздік: бостандық, ту, мемлекеттік ғимарат, мемлекеттік нышан, ақша, бейбітшілік, татулық, мәңгілік.

Көк – кеңістік, дала ұғымымен ассоциацияланады: тау, су, Алатау, көктеу, жазық дала, шөп, тыныштық, шексіздік.

Көк – мектеп жабдықтары: кітап, тақта, файл, сия, қалам, сөмке, даптер, компьютердің экраны.

Көк – адам мінез, психикалық жай-күй: ашық мінез, сабырлылық, көтеріңкі көңіл-күй.

Көк – қызға тән ұғым-түсініктермен ассоциацияланады: сұлулық, көз, пәктік,

Осы тәжірибе барысында бас-аяғы 100 адам қатысса, соның 30-35 ер адам, қалғаны әйел адам. Ал жас шамасына келсек, әрине, жастар, мектеп жасындағылар көбірек. Қарап отырсаңыз, адамның өмір сүрген кезеңі, ортасы, қоғамы көп нәрсеге әсер етеді екен. Мысалы, бейбітшілік, бостандық, пәктік, тазалық, тыныштық, ашық мінез, Тәңір, рух, күш деген сөздерді тек ер балалар ғана айтты. Бұл жігіттеріміздің нағыз бетке ұстар ер азамат болып өсіп келе жатқандығын көрсетеді.

Ал қыздар гүл, көйлек, махаббат сынды әдемі сөздерді ғана айтты. Сонымен қатар, мейлі ер адам болсын, мейлі әйел адам болсын 40 жастан асқан кісілер тау, көктеу, жазық дала, шөп, Алатау деген сөздерді айтады. Яғни, олардың көбі бала кезде ауылда, жайлауда өскендіктен, көк ұғымы даламен, кең жазықпен ассоциацияланады. Мысалы, қазір ата-әжелеріміз түсі жасыл заттардың бәрін, шөпті, жазық даланы көк деп атайды. Ал экспериментке қатысушы жастардың түсінігінде бұндай бейнелер кездеспеді деп айтумызға болады. Мектеп оқушыларынан сауалнама алғанымызда кітап, дәптер, шар, үйдің шатыры, көлік, сия, қалам, тақта деп қана жауап берді. Және бір қызығы, ер адамдар ат пен ит деген сөздерді айтады. Ол бізде бар ғой. Итті көк мойнақ деп атаған [5, 121].

Түгі нағыз көк түсті болмаса да, қоңырлау көк денелі болып келетін немесе құлын кезінде қоңыр, күлгін, сұр болып келіп бара-бара бозаратын аттарды көк дөнен, көк байтал, күрең жорға деп атаған [5,92]. Көңіл көншітерілігі қай адамға болмасын осы сауалнаманы қойсаң бірінші аспан, екінші ту деп айтады. Яғни еліміздің кәрісі да, жасы да бейбітшілікті, бостандықты сезініп өмір сүруде. Тәжірибе барысында аспан түстес көгілдір түс туралы аздаған адам ғана айтты. Бірақ түс ретінде. Қазіргі таңда көк сөзінің көгілдір деген туынды формасы тек түсті ғана емес, орыс тілі арқылы калькалау жолымен енген қызтеке (голубой) деген мағынада жұмсалады. Экспериментке қатысушы 1 ер бала осы мәндегі қолданасын көрсетті.

Г. Гиздатов «Ассоциация поля казахского и русского языка» деген еңбегінде 90-жылдардағы қазақ пен орыс халықтарының көк түсі жайындағы көзқарастарын зерттеп, тәжірибе жүргізген екен. Нәтижесі мынадай:

Көк – аспан 115, көйлек 22, доп 21, теңіз 9, бояу, жалау 5, қалам, қол, машина, терек 4, байрақ, гүл, дәптер, жайлау, кітап, қоз, костюм, өзен, парта, су, ту, шалбар 3, алма, базар, бұлт, жапырақ, қарындаш, дәптер, көк кілемде көп ойнаймын, көп кілем, майса, күлзия, стол, сумка, шар 2, ала жайлау, аспанды Алматым, ат, бет, блокнот, джинсы, есік, жасыл, жерді, көк жайлап жатқан, жигули, жиек, қара, қарға, қасық, қасқыр, киім, көйлек киген қыз, көк ашық, көз, ағай, куртка, мінез, найзаның ұшы, орай орамал, өзек, парак, ручка, сары, сыр, Тәңір, тақта, тал, тамағы тоқ, киімі көк, тау, төбе, түгін, тұнық, су, тұс, шелек, шаршы [6, 85].

Синий – небо 78, море 51, цвет 15, костюм 10, глаза, туман 8, океан, шар 6, иней 4, голубой, карандаш, платок, плащ, портфель, сфетофор, холод 3, алкаш, борода, вода, галстук, конверт, лед, небосвод, платочек, снег, стул, учебник, флаг, человек, чистота 2, автомобиль, алмаз, альбом, берег, блюз, василек, весильки, глобус, горизонт, горы, гвоздь, ден, дерево, джемпер, джинсы, дневник, дом, кит, клетка, ключ, колор, корабль, кот, краска, красный, крокодил, куртка, ливень, магия, машина, мерседес, металл, мой, москвич, Мурат, мяч, облако, паста, пень, пес, плуг, пол, полоса, помещение, радуга, ракурс, рубашка, самолет, свет, свитер, свобода, твердость, телевизор, ткань, укас, фиолетовый, фон, цветок, шаль, шарик.[6, 67]

Екі халық бір нәсілге жатпаса да көк түсіне байланысты көзқарастары ұқсас екен. Аспан, теңіз, ту, тазалық, еркіндік, киім, көлік сынды көптеген түсініктерінде ұқсастықтары бар. Бір қызығы, орыс халқында алкаш, мас адам түсінігі да бар екен. Ол неміс халқында да бас түсінік. Себебі, мас адам төбелеседі нәтижесінде денесі көгереді. Алкаш деген ұғымның көк түсімен байланысы осыдан келіп туындайды.

Қай заман, қай ғасыр болмасын көк түсі қазақ халқының санасында ең бірінші Тәңір мағынасында қолданылады. Және бір байқағанымыз 90-жылдарда жүргізілген Г.Гиздатовтың тәжірибесінде 303 қазақтың 10 шақтысы ғана ту, жалау деген екен. Ал осы

тәжірибе барысында 100 адамның жартысынан көбі туды айтты. Бұл бар болғаны 10-15 жылдың ішінде қазақ халқының әр азаматы мен азаматшасының тәуелсіздің, еркіндіктің дәмін татып өмір сүріп жүргендігін айғағы. Осыдан-ақ еліміздің өскенін, халқымыздың ой-санасының өзгергенін, бейбіт өмір сүріп жатқанымызды көріп, мақтана айтуға болады.

Қорытындылай келе, тәжірибе барысында көп тың әрі қызықты мәліметтер білдік. Оқып көзінді жеткізген мен тәжірибе жүргізіп көзінді жеткізгеннің арасы жер мен көктей екен. Бір ғана түстің әр халық үшін беретін мән-мағынасы әр түрі, тіпті бір-біріне кереғар түсініктер де кездесіп жатады. Сол түстің бір қоғамда өмір сүріп жатқан жас буынмен орта буынға беретін әсері мен түйген түсініктерінің әр түрлі болатынын байқадық. Ортақ түсініктері Тәңір, бостандық болғанмен, өмір сүрген заманына қарай да түсініктері басқаша болады.

Әдебиеттер:

1. Ерғали Е. Түс ерекшеліктері туралы жалпы мағлұмат. – massaget.kz
2. Көк түс. kk.m.wikipedia.org
3. Қасқатаева Ж. Неміс тіліндегі көк түс атауларының танымдық сипаты. – g-global. kz
4. Аитова Н. Қазақ тіліндегі «қара» және «көк» түске байланысты семантикалық сипаты. Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 235 бет.
5. Қайдаров Ә., З. Ахманбердиева, Б. Өмірбек. Түр-түстердің тілдегі көрінісі.-Алматы: Ана тілі, 1992. – 156 бет.
6. Г.Гиздатов. Ассоциативные поля казахского и русского языка. – Алматы, 1997. – 122 с.

Дүйсенбаев Е.Д., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КФ-21, студент
(*Ғылыми жетекшісі: қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Алмаз Мырзахметов Әмірбекұлы*)

ҒҰЛАМАМЕН ТІЛДЕСУ

(Е.А.Бөкетов аударған С.Есениннің «Анна Снегина» поэмасы хақында)

Қыстың жайдарлы ашық уақыты. Күннің шуағы аязды қатпарларды жарып өтіп, ақ мамық қарлар төменге сырғып, жатақхананың терезесі жылап жатыр. Терезенің сырт жағындағы ілініп тұрған қара етке қараала сауысқан көздерін тігіп, дәмелі оймен андып отыр.

«Ролтонның» тарамса-тарамса наны мен сары сорпасын ішіп алып, бұрыштағы кереуетке жантайып жата кеттім. Қатқан мұздай сіресіп, тұңғыық ойға шомдым. Бір уақытта ойым бөлініп, нанның қиқымы шашылған үстелдің үстіндегі көк журналға көзім түсті. Тежелместен қолыма алып қарасам Қасым Аманжолов журналы екен. Журналдың санында атақты химик металлург, жазушы, көрнекті ғалым, біздің университетіміздің тұңғыш ректоры Ебіней Арыстанұлы Бөкетов жайлы қызықты естеліктер жазылыпты. Журналдың алғашқы беттерінде орыс ұлтының атақты ақыны Есениннің «Анна Снегина» поэмасының Ебіней ағамыздың қазақшаға аударған нұсқасы басылған екен. Қызығушылығым оянып, арқамды кеңге жайдым да, поэманың әрбір шумағын жемтігін андыған жыртқыштай мұқият оқып шықтым. Бұл поэманы мектеп оқып жүрген кезімде орыс тілі сабағында оқығандықтан, атақты ғалымның жасаған аудармасы мағынасы жағынан да, көркемдік тұрғысынан да өте шеберлікпен, қиыннан қиыстырылып аударылғанына көзім жетті. Шығарманың шырынына әбден қанып, ой талқысына салып, санама бүрлеп, ұғынып алдым. Жатақхананың тар ауасы басымды ауыртқан соң аулаға шығып, серуендеп қайтуға бел байлады. Жылы киімдерімді қымтанып, жатақхананың жалқаулыққа үйретер қармауынан шығып, өгіз аяң жүріспен бас корпустың алдындағы саябақты бетке алдым. Таза ауаның тәтті исімен тыныс алып келе жатқанымда Ебіней ағамыздың алып мүсіні қойылған алаңға қалай жеткенімді байқамай да қалдым. Алпауыт мүсін Ебіней ағаның мыңның ішінен дара туған дарабоз болғанын